

## Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері

### 11-сынып

1. «Оқушы» сөзіне мәндес сөзді табыңыз.

- A) жазушы
- B) ұстаз
- C) оқытушы
- D) шәкірт
- E) тәлімгер

2. Ауыспалы мағынада берілген сөз тіркесін көрсетіңіз.

- A) Үлкен мектеп
- B) Көрші ауыл
- C) Қызыл тіл
- D) Жаңа қала
- E) Жазғы кеш

3. Антоним сөздерді көрсетіңіз.

- A) Жанды, сөнді
- B) Қасиетті, құрметті
- C) Үлкен, ұзақ
- D) Әдемі, сұлу
- E) Жаны, қасы

4. Мақалды толықтырыңыз. «Қоянды қамыс өлтіреді, батырды ... өлтіреді».

- A) Қыз
- B) Ой
- C) Жігіт
- D) Соғыс
- E) Намыс

5. Сөйлемді мағыналас сөйлеммен аяқтаңыз. Әлия күні бойы үй жинады, бірақ ... .

- A) таңертеңнен сабақта болды.
- B) тамақ пісіруге уақыты жетпеді.
- C) күні бойы кітапханада отырды.
- D) күнұзақ достарымен серуендеді.
- E) күні бойы компьютерде ойнады.

6. Сөздердің дұрыс айтылуын қарастыратын сөздікті атаңдар.

- A) энциклопедиялық
- B) фразеологиялық
- C) орфоэпиялық
- D) түсіндірме
- E) аударма

7. «Қымбат» сөзіне мағыналас (синоним) сөздерді табыңыз.

- A) шексіз, татымды
- B) анық, нақты
- C) құнды, бағалы
- D) аяулы, зор
- E) дәу, алып

8. Менің отбасым ..... тұрады.

- A) бауырмал
- B) үлкен
- C) ақылды
- D) тату-тәтті
- E)қызықты

9. Сөйлемдегі сын есімдердің түбірінің сөз табы:

*Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол.*

- A) зат есім
- B) етістік
- C) үстеу
- D) сын есім
- E) еліктеу

10. Мақсат үстеу қатысқан сөйлемді табыңыз.

- A) Бүгін сағат жетіде әрең тұрдым.
- B) Асан әдейілеп Қарағандыға соғып, баласымен кездесті.
- C) Былтыр ол шетелге саяхат жасады.
- D) Сонша жерден жаяу келді.

Е) Қаланың адамдары жұмысқа ерте кетіп, кеш келеді.

**11. Берілген сөйлемдегі етістіктің түрін табыңыз. Қазақтың ұлттық киімі жойылмасын.**

- A) Ашық рай
- B) Қалау рай
- C) Шартты рай
- D) Бұйрық рай
- E) Одағай

**12. Әлі тәуелсіздік алмаған есім сөздерді белгілеңіз.**

- A) Көмекші есімдер
- B) Дара зат есімдер
- C) Жалқы есімдер
- D) Негізгі зат есімдер
- E) Деректі зат есімдер

**13. Интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлем**

- A) Сіз барасыз ба, әже?
- B) Сіз де барсаңыз қайтеді?
- C) Кімнің келіп кетті?
- D) Жетісудікі?
- E) Олар ше?

**14. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңдар: «... тұрып ұл сөйлегеннен без, ... тұрып қыз сөйлегеннен без».**

- A) бауыр, апа
- B) әке, шеше
- C) үлкені, кішісі
- D) аға, іні
- E) қарындасы, сінлісі

**15. Сөйлемді толықтырыңыз. Бұл дүкендегі тауарлардың бағасы орталықтан ... .**

- A) көп
- B) нашар
- C) азырақ
- D) арзандау
- E) кеңдеу

**16. Музыкалық аспапты жасайтын адамды белгілеңіз.**

- A) Дәрігер
- B) Зергер
- C) Сәулетші
- D) Шебер
- E) Ұста

**17. «балдыз» деп кімді айтады?**

- A) әпкеңнің күйеуі
- B) ер адамның әйелінің сінлісі
- C) ер адамның анасының сінлісі
- D) әпкеңнің қызы
- E) әжеңнің кіші қызы

**18. Қазақ драма театрының ең бірінші қойған пьесасын табыңыз.**

- A) «Ревизор»
- B) «Айман-Шолпан»
- C) «Еңлік-Кебек»
- D) «Абай»
- E) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»

**19. Латын алфавиті қолданылған жылдарды белгілеңіз.**

- A) 1937-1957 жж.
- B) 1929-1940 жж.
- C) 1928-1938 жж.
- D) 1927-1937 жж.
- E) 1929-1957 жж.

**20. Құрманғазының шығармаларын көрсетіңіз.**

- A) «Салкылдақ», «Қосбасар»
- B) «Адай», «Сарыарқа»
- C) «Қыз Жібек», «Ақ тентек»
- D) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»
- E) «Біржан-Сара», «Мақпал»